



«БЕКІТЕМІН»

№32 «Қуаныш» балабақшасының
менгерушісі Дөкерова Р.А

Қыркүйек 2025 ж.

**№32 «Қуаныш» балабақшасының ата-аналармен жүргізілетін
жұмыстардың жылдық жұмыс жоспары**

2025-2026 оқу жылы

№	Өткізілетін іс-шаралар мен жұмыс түрлері	Өткізу мерзімі	Жауапты тұлғалар
1	I Жалпы ата-аналар жиналысы: «Заманауи балабақша және отбасы: ынтымақтастық көпірі»	Қыркүйек	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
2	Тәжірибелік практикум «Балабақша ережесі – тәрбие негізі» (Жаңа күн тәртібімен танысу)	Қыркүйек	Топ тәрбиешілері
3	Экологиялық көрме «Табиғат – алтын бесік» (Табиғи материалдардан бірлескен бұйымдар жасау)	Қазан	Тәрбиешілер, ата-аналар
4	Ақпараттық-танымдық сағат «Тазалық – саулық кепілі» (Қысқы маусымда иммунитетті көтеру шаралары)	Қараша	Балабақша мейірбикесі
5	II Жалпы ата-аналар жиналысы: «Отбасындағы тәрбие: ұлттық дәстүр және бүгінгі күн»	Желтоқсан	Менгеруші, әдіскер, психолог
6	Отбасылық шығармашылық шеберханасы «Жаңа жылдық ойыншықтар шеруі» (Топты бірге безендіру)	Желтоқсан	Ата-аналар, тәрбиешілер
7	Психологиялық кеңес-тренинг «Баланың эмоционалды әлемі: мазасыздықты қалай жеңеміз?»	Қаңтар	Балабақша психологы
8	Спорттық эстафета «Шынықсаң шымыр боларсың» (Өкелер мен балалар жарысы)	Ақпан	Дене шынықтыру нұсқаушысы
9	Мерекелік әдеби-музыкалық кеш «Әлемнің жарығы – Ана» (8-наурызға арналған салтанатты іс-шара)	Наурыз	Музыка жетекшісі, тәрбиешілер
10	Дөңгелек үстел «Мектеп табалдырығын аттарда: баланың психологиялық дайындығы»	Сәуір	Психолог, ересек топ тәрбиешілері
11	III Жалпы ата-аналар жиналысы: «Нәтижелі жыл: жетістіктер мен алдағы жоспарлар»	Мамыр	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
12	Салтанатты марапаттау кеші «Жылдың ең белсенді отбасы» (Кері байланыс және алғыс хаттар тапсыру)	Мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер

№32 «Қуаныш» балабақшасының жалпы ата- аналар жиналысының

№1 хаттамасы.

Күні: 05 қыркүйек, 2025 жыл

Өткізілген орны: №32«Қуаныш» балабақшасы

Қатысқандар: ата-аналар, топ тәрбиешілері, балабақша меңгерушісі, әдіскер, психолог, медбике

Күн тәртібі:

Жиналыстың тақырыбы: «Заманауи балабақша және отбасы: ынтымақтастық көпірі»

Күн тәртібі:

1. **2025–2026 оқу жылындағы** балабақшаның даму бағыты, мақсат-міндеттері және жаңа оқу жылының басталуы. Баяндамашы: балабақша меңгерушісі Лекерова Р.А
2. «Заманауи балабақша және отбасы: серіктестік пен өзара әрекеттестік» Баяндамашы: Боташова Ү.Ж әдіскер.
3. «Жаңа оқу жылындағы балалардың бейімделуі, отбасының рөлі және гаджеттердің бала психологиясына ықпалы»- баяндамашы: балабақша психологі Жолаушыбаева А.
4. Ағымдағы мәселелер: күзгі маусымдағы балалардың қауіпсіздігі, денсаулығы, санитарлық талаптар және тамақтануы (Баяндамашы: балабақша медбикесі Утебаева С.Б
5. **2025–2026 оқу жылына** арналған Жалпы ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау және бекіту.

I. Күн тәртібі бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Лекерова Р.А жиналысты ашып, ата-аналарды жаңа **2025–2026 оқу жылының** басталуымен құттықтады. Ол өз сөзінде қыркүйек айынан бастап балабақшадағы тәрбие-білім беру үдерісі жаңа бағдарламалар бойынша жүретінін, заманауи кезеңде баланың толыққанды дамуы үшін балабақша мен отбасы арасындағы «ынтымақтастық көпірін» құрудың маңыздылығын атап өтті. Ата-аналарды балабақшаның ішкі тәртіп ережелерімен және жарғысымен таныстырды.

II. Күн тәртібі бойынша тыңдалды:

Балабақша әдіскері Боташова Ү.Ж «Заманауи балабақша және отбасы: серіктестік пен өзара әрекеттестік» тақырыбында баяндама жасады. Слайд арқылы жаңа оқу жылында қолданылатын инновациялық технологиялар, балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі таныстырылды. Қыркүйек айынан бастап жоспарланған бірлескен жобалар мен ашық есік күндері туралы айтып, ата-аналарды белсенді серіктес болуға шақырды.

Сұрақ қойғандар:

- Ата-ана: Молдағалиева Р Балалардың сабақтары мен үйірмелері қыркүйек айының қай күнінен бастап толық жүреді?
- Жауап берді (Әдіскер): Барлық негізгі сабақтар мен бекітілген кестелер қыркүйек айының алғашқы аптасынан бастап толық күшіне енгенін түсіндірді.

III. Күн тәртібі бойынша тыңдалды:

Балабақша психологы Жолаушыбаева Л. жаңа оқу жылының басындағы, әсіресе жаңадан келген балалардың балабақшаға бейімделу (адаптация) кезеңі туралы сөз қозғады. Сондай-ақ «Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі және заманауи гаджеттердің бала психологиясына ықпалы» тақырыбында кеңестер берді. Телефон мен планшеттің баланың тілі мен жүйке жүйесіне тигізетін кері әсерін айтып, ата-аналарға баламен үйде сапалы уақыт өткізу ережелері жазылған жадынамалар таратты.

IV. Күн тәртібі бойынша тыңдалды:

Балабақшаның медицина қызметкері Утебаева С сөз алып, күзгі маусымдық суық тию және вирустық аурулардың алдын алу шаралары туралы ескертті. Күз айларында балалардың киімі ауа райына сай болуы керектігін, балабақшаның бекітілген 2025–2026 оқу жылына арналған ас мәзірі (меню) және тамақтану сапасы қатаң бақылауда екенін жеткізді. Баланы таңертеңгілік сүзгіден (фильтр) өткізу ережелерін еске салды.

V. Өртүрлі мәселелер:

2025–2026 оқу жылына арналған Жалпы ата-аналар комитетінің жаңа құрамы ортаға сатынып, ашық дауыс беру арқылы анықталды.

Жиналыстың қаулысы:

1. Балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайту мақсатында **2025–2026 оқу жылында** тәрбие-білім беру үдерісінде серіктестік қарым-қатынас орнатылсын және бірлескен жұмыстар жандандырылсын.
2. Қыркүйек айындағы балалардың балабақша режиміне бейімделуін жеңілдету үшін психолог пен тәрбиешілердің ұсыныстары ата-аналар тарапынан үйде де қолдау тапсын (гаджеттерді шектеу, ұйқы режимін сақтау).
3. Күзгі маусымда балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау мақсатында медициналық талаптар, таңертеңгілік сүзгі және балабақшаның ішкі тәртіп ережелері қатаң сақталсын.
4. Жаңадан сайланған 2025–2026 оқу жылының Жалпы ата-аналар комитетінің құрамы бекітілсін.


1. Абдирова Әсел


4.Қалағанова Н

2. Олжабай Құндыз

5.Сүлейменова А

3. Нажмадинова Н

Жиналыс төрағасы:  Абдирова Ә

Жиналыс хатшысы:  Қалағанова Н

№32 «Қуаныш» балабақшасының жалпы ата- аналар жиналысының

№2 хаттамасы.

Күні: 05 қаңтар , 2026 жыл

Өткізілген орны: №32«Қуаныш» балабақшасы

Қатысқандар: ата-аналар, топ тәрбиешілері, балабақша меңгерушісі, әдіскер, психолог, медбике

Күн тәртібі:

1. **«Отбасындағы тәрбие: ұлттық дәстүр және бүгінгі күн»**
2. **Қысқы кезеңдегі балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі** (Маусымдық аурулардың алдын алу, киім үлгісі, балабақшаға келу-кету тәртібі).
3. **Әртүрлі мәселелер** (Балабақша режимін сақтау, I жартыжылдықтың қорытындысы, алдағы іс-шаралар).

1. Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша балабақша әдіскері Боташова Ү.Ж кішкентай күннен баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіңірудің маңызын түсіндірді. Ол қазіргі таңда бүлдіршіндердің телефонға көп телміруі сөйлеу қабілетінің тежелуіне және мінез-құлқының өзгеруіне әкеліп соғатынын айтты. Бұл мәселені шешу үшін үйде балаға ертегі айту, бесік жырын тыңдату, ұлттық ойыншықтармен ойнату және отбасында тек ана тілінде сөйлесу мәдениетін қалыптастыру қажеттігін алға тартты. Балабақша мен отбасы бірлесе отырып, баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге баулуы керектігі атап өтілді.

Пікір алмасу болды:

- Ата-ана Сүлейменова А үйде балаларға телефон бермей, көбірек ертегі оқуға және бірге уақыт өткізуге тырысатындарын жеткізді.
- Ата –ана Бердіғалиева Ш бала тәрбиесінде халық ауыз әебиетіндегі бесік жыры, санамақ, балалар ақын – жазушыларының шығармаларын оқып беруге, ұлттық ойындардың да әсіріесе асық ойынының бала дамуына оң әсерін айта келе ,ата- аналармен асық ойыны бойынша жарыс ойын өткізді.

2. Екінші мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақшаның медицина қызметкері Утебаева С.Б сөз алды. Қыс айларындағы ауа райының суықтығына байланысты балаларды қалың, ыңғайлы және су өтпейтін қысқы киімдермен (қолғап, шарф, жылы аяқ киім) қамтамасыз етуді сұрады.

Сонымен қатар, қысқы маусымдық тұмау мен вирустық аурулардың (ЖРВИ) алдын алу үшін баланың иммунитетін көтеру, ауырып тұрған баланы балабақшаға әкелмеу және дәрігердің анықтамасымен ғана қабылдау ережесін қатаң сақтауды ескертті.

3. Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Лекерова Р.А балабақшаның ішкі тәртіп ережелерін еске салды. Балаларды таңертеңгілік қабылдау уақытынан (сағат 08:30-дан) кешіктірмей әкелу, себебі бұл уақытта таңғы жаттығу мен таңғы ас басталатыны айтылды. Сондай-ақ, I жартыжылдықта балалардың қол жеткізген табыстары (тіл дамыту, сурет салу, шынығу) қорытындыланып, II жартыжылдыққа жоспарланған ашық ұйымдастырылған іс-шаралар туралы ақпарат берілді.

Жиналыстың қаулысы:

1. «Отбасындағы тәрбие: ұлттық дәстүр және бүгінгі күн» тақырыбы бойынша ұсыныстар негізге алынсын. Ата-аналарға баланың тілін және тұлғалық қасиетін дамытуда ұлттық

құндылықтарды (ертегі, тыйым сөздер) қолдану ұсынылсын. Гаджеттерді (телефон, планшет) пайдалану уақыты барынша шектеу мүмкіндігін бақылау.

2. ауа райының қолайсыздығына байланысты балалардың денсаулығын қорғау (жылы киіндіру, ауру белгілері бар баланы топқа жібермеу) ата-аналарға қатаң тапсырылсын.
3. Балабақшаның ішкі тәртіп режимі (таңертең кешікпей келу, баланы тәрбиешінің қолына жеке тапсыру және кешкісін уақытылы алып кету) бұлжытпай орындалсын.

Жиналыс төрағасы: Абдирова Абдирова Ә

Жиналыс хатшысы: Қалағанова Қалағанова Н

№32 «Қуаныш» балабақшасының жалпы ата- аналар жиналысының

№3 хаттамасы.

Күні: 05 қаңтар , 2026 жыл

Өткізілген орны: №32«Қуаныш» балабақшасы

Қатысқандар: ата-аналар, топ тәрбиешілері, балабақша меңгерушісі, әдіскер, психолог, медбике

Күн тәртібі:

1. **2025–2026 оқу жылының** қорытындысы: балабақша мен балалардың қол жеткізген табыстары мен жетістіктері. балабақша меңгерушісі Лекерова Р.А.
2. Оқу жылындағы тәрбие-білім беру деңгейінің мониторинг нәтижелері .Әдіскер Боташова Ү.Ж
3. «Мектепке дейінгі жастағы баланың психологиялық дайындығы және жазғы уақытты тиімді ұйымдастыру» Балабақша тәрбиешісі Тенизбаева Н.О
4. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі балалардың қауіпсіздігі, өмірлік сақтық ережелері және денсаулығы Балабақша медбикесі Утебаева С.Б
5. Әртүрлі мәселелер. Жалпы ата-аналар комитетінің есебі. Жаңа оқу жылына арналған міндеттерді айқындау.

I. Күн тәртібі бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Лекерова Р.А **2025–2026 оқу жылының** сәтті аяқталуымен құттықтады. «Нәтижелі жыл: жетістіктер мен алдағы жоспарлар» тақырыбында жыл бойы балабақша қабырғасында өткен ауқымды іс-шараларға, педагогтар мен балалардың қалалық, облыстық, республикалық байқаулардағы жеңістеріне тоқталды. Жыл бойы қолдау көрсетіп, «ынтымақтастық көпірін» нығайтуға атсалысқан ата-аналар қауымына алғыс хаттар табыс етті.

II. Күн тәртібі бойынша тыңдалды:

Балабақша әдіскері Боташова Ү.Ж сөз алып, балалардың жас ерекшеліктеріне сай білім, білік және дағдыларының даму деңгейіне жасалған жылдық мониторинг қорытындысын таныстырды. Слайд арқылы балалардың бойындағы ілгерілеушілікті (тіл дамыту, математикалық ұғымдар, логикалық ойлау т.б.) көрсетті. Сондай-ақ мектепке баратын ересек және даярлық топтарының балаларын шығарып салу (бітіру кештерінің) дайындық барысы туралы ақпарат берді.

III. Күн тәртібі бойынша тыңдалды:

Балабақша мектепалды даярлық топ тәрбиешілері Сүйінбаева Ж, Мұрат Ү мектеп табалдырығын аттайтын балалардың психологиялық-эмоционалдық дайындығы туралы маңызды кеңестер берді. Ал кіші және орта топ балаларының ата-аналарына алдағы үш ай жазғы демалыста баламен сапалы уақыт өткізу, телефоннан алшақтатып, танымдық ойындар ойнату, табиғат аясында серуендеу арқылы баланы шынықтыру ережелері жазылған жадынамалар ұсынды.

IV. Күн тәртібі бойынша тыңдалды:

Балабақшаның медицина қызметкері Утебаева С.Б мамыр айынан бастап күннің ысуына байланысты жазғы сауықтыру кезеңінің ережелерін түсіндірді. Жаз айларындағы бала қауіпсіздігі (терезеден құлаудың алдын алу, күн өтуден сақтану, су айдындарындағы

қауіпсіздік) туралы ескертті. Жазғы режимде балалардың бас киімі міндетті түрде болуы керектігін және су ішу режимінің қатаң бақыланатынын жеткізді.

V. Әртүрлі мәселелер:

Жалпы ата-аналар комитетінің төрағасы Абдирова Ә жыл бойы атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Ата-аналар тарапынан жазғы кезеңде балабақшаның жұмыс кестесі және жөндеу (косметикалық жұмыстар) уақыты туралы сұрақтар қойылып, тиісті жауаптар алынды.

Жиналыстың қаулысы:

1. Балабақшаның **2025–2026 оқу жылындағы** тәрбие-білім беру жұмыстары «жақсы» деп танылсын. Ортақ жетістіктер мен серіктестік байланыс алдағы уақытта да жалғасын тапсын.
2. Жылдық мониторинг нәтижелері ескеріліп, жазғы демалыс кезінде ата-аналар балалардың алған білімі мен дағдыларын үйде қайталап, бекітуге (кітап оқу, логикалық ойындар) көңіл бөлсін.
3. Жазғы маусымда балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында үйде және көшеде қауіпсіздік ережелері (терезе, су, күн өту, жол ережесі) қатаң сақталсын.
4. Балабақшаның жазғы сауықтыру кезеңіне көшу жоспары бекітілсін және ішкі жөндеу жұмыстарының кестесі ата-аналар назарына ұсынылсын.

Жиналыс төрағасы: Абдирова Ә Абдирова Ә

Жиналыс хатшысы: Қалағанова Н Қалағанова Н